

мәтініне байланысты рөлдерге ауыса алу үшін адамның тілді қолдануына тікелей байланысты. Регистрдің жіктемесі – іскерлік, құқықтық, ғылыми және техникалық ағылшын тілінің тілдік құрылымдарының гетерогенді жиынтығы.

Регистр – дискурс деңгейінде тіл сипаттамасының бірлігі болып табылатын көпөлшемді тұжырымдама. Сөйлеу деңгейінде тілді сипаттайтын көпөлшемді тіркесім үшөлшемді жүйедегі дискурстарды сипаттау үшін пайдаланылады. Ол өз кезегінде өлшем өрісіндегі қосалқы тіл және функционалдық стиль сияқты сандарды қамтиды, жанр және коммуникациялық сияқты өлшемдер режимінде танылады. Сонымен қатар, қосалқы тілдердің мағынасы санаттарға функциялық немесе риторикалық стильдерге жатқызылады, байланыс арнасы мен жанрды құрылымдық тұжырымдама ретінде қарастырады, ресми санаттағы тізілім функционалдық стильдің және жанрдың ішкі нышанына сәйкес келетін тілдің ерекше мақсаттарына арналған тілмен көпөлшемді бірлікке ұқсас.

Сонымен қатар, жанрлар мен регистрлерден айырмашылығы тек мәтіндерде ғана жүзеге асуы мүмкін, себебі олар мәтіннің басталуын, жалғасуы мен аяқталуын білдіреді. Жанрды талдауда заманауи көзқарас керек, бір жанрға ұқсас ресми және семантикалық түрде қайталанатын оқудың маңыздылығын мойындай отырып, осы сипаттамалар әлеуметтік іс-әрекеттегі басқа терең ұқсастықты білдіретін құрал ретінде, үстірт құрылым ретінде де қарастырылады.

Қорыта келгенде арнаулы мақсаттағы тіл саласы лингвистикадығы жаңа бағыт болып табылады. Бұл саланың өзінің даму тарихы, пайда болу алғы шарттары, ғылыми-теориялық негізі бар. Бұл сала жанр түрлері, функционалды стиль, компьютерлік лингвистика, сөйлеу коммуникациясы сияқты ғылым салаларымен тығыз байланыста оқытылады. Бұл лингвистика саласының арнаулы лексика-грамматикалық бірліктері, коммуникативтік белгілі өлшемдері, арнаулы мамандық терминдері бар, сондықтан бұл саланы зерттеудің өзектілігі әлеумет тарапынан сұраныс тудырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Арнольд И.В. Стилистика современного английского языка (стилистика декодирования). –Л.,1981. – С.245

[2] Лингвистический энциклопедический словарь / Под.ред. В.Н.Ярцевой. – М.,1990. – С.567.

[3] Hutchinson T., Waters A. English for Specific Purposes: A learning-centered approach. Cambridge: Cambridge University Press, 1987.

[4] Halliday M. A. K. Language as Social Semiotic. – London: Edward Arnold, 1978. P. 145.

МРНТИ 16.21.43

Г.С.Лепесбай

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және «Ғылым ордасы»
кешенінің базасындағы ғылыми-зерттеу институттарының бірлескен
білім беру бағдарламаларының 2-курс магистранты.

Алматы қаласы, Қазақстан

БҰЙРЫҚТЫ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ МОДАЛЬДІЛІГІ КОММУНИКАТИВТІ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІДЕ

Аннотация. Мақалада бұйрық мәнді сөйлемдер эмоционалдык реакцияны білдіретін сөйлемдер түрінде де жұмсалыуына талдау жасалады. Бұл сөйлемдерге мо- дальділіктің қатысуы біркелкі болмайтыны, модальділік эксплицитті түрде де, имплицитті түрде де жұмсалыуына мысалдар келтіріледі.

Тірек сөздер: бұйрық модальділігі, грамматикалық формалар, бұйыру модальділігінің семантикалық-функционалдык ерекшеліктері, бұйрық мәнінің білдірілу жолдары.

Г.С. Лепесбай

магистрант 2 курса совместных образовательных программ научно-исследовательских институтов на базе Казахского национального университета им. Аль-Фараби и комплекса «Гылым ордасы»,
Алматы, Казахстан

МОДАЛЬНОСТЬ ПОВЕЛИТЕЛЬНЫХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ В КОММУНИКАТИВНО - ПРАГМАТИЧЕСКОМ АСПЕКТЕ

Аннотация. В статье анализируется использование повелительных предложений в форме предложений, выражающих эмоциональную реакцию. Этих предложениях есть примеры того, что наличие модальности неоднородно, что модальность используется как эксплицитно, так и имплицитно.

Ключевые слова: повелительная модальность, грамматические формы, семантико-функциональные особенности повелительной модальности, пути выражения смысла приказа.

G.S. Lepesbay

22nd year undergraduate student of joint educational programs of research institutes on the basis of the Al-Farabi Kazakh National University and the «Gylym Ordasy» complex, Almaty, Kazakhstan

MODALITY OF COMMAND SENTENCES IN COMMUNICATIVE- PRAGMATIC ASPECT

Annotation. The article analyzes the use of command sentences in the form of sentences that express an emotional reaction. In these sentences there are examples that the modality of the modality is heterogeneous, that the modality is used as explicitly, so and implicitly.

Keywords: imperative modality, grammatical forms, semantic and functional features of imperative modality, ways of expressing the meaning of the order

Бұйрықты сөйлемдер арқылы әр түрлі модальді реңктерді жеткізуге болатынын «Тіл тағылымы» еңбегінде А.Байтұрсынов көрсеткен. Автор бұйрықты сөйлем-

дердің семантикалық топтарын жіктеуде нақты модальді реңктер деп айқындамаса да, осы мәселенің бір ұшын сипаттайды. Еңбекте қазіргі қолданыстағы бұйрықты сөйлемдерді «тілекті сөйлемдер» деп атай отырып, мынадай түсінік береді: «Көңіл тілегі түрлі айтылады: 1) бұйрық түрде; 2) өтініш түрде; 3) ақыл түрде; 4) жай тілек түрде» (1, 298-299). Біздің ойымызша, бұл тұлғалар – бұйрықты сөйлемдер арқылы берілген көп қырлы модальді реңктер.

Контекстен тыс қолданылған бұйрықты сөйлемдерге назар аударсақ, субъектінің бұйыра айту, екінші бір субъектіні іске қосу қызметі көзге түседі. Ал контексте, семантикалық шеңбер аясында талдасақ, бұйрықты сөйлемдердің әр түрлі модальді реңкті жеткізуге тірек болатынын, қызметінің көп қырлылығын байқаймыз. Бір ескеретіні – бұл сөйлемдерге де қажеттісі контекст.

Нақты мысалдарға сүйенсек, төмендегі сөйлемді тек шартты түрде бұйрықты сөйлем деп қабылдаймыз. Ал басқа сөйлемдермен шектестіре, мағыналық байланыста қарасақ, «сенімді» көзқарасты суреттеген модальді сөйлем көрсеткіші деп бағалауға негіз бар. Мысалы: Көк дәптердің жайы осы, апа. Мен байқамаған жайлар, танымайтын кісі аттары болса, өзіннен сұрап аламын ғой. Сен бәрін де білесің, ұмытқан жоқсың. Ол жылдары үш баланы бірін арқаға салып, бірін ауызға тістеп өсірген адам қайдан ұмытсын (С.Бердіқұлов). Контекстегі модальді реңк «Сен бәрін де білесің, ұмытқан жоқсың» сөйлемдері арқылы ашылса, осы сөйлемге ілесе айтылған «Ол жылдары үш баланы бірін арқаға салып, бірін ауызға тістеп өсірген адам қайдан ұмытсын» сөйлемі алдыңғы сөйлемдегі модальді реңкті бекіту, үстемелеу, күшейту қызметін атқарған. Мұнда, әсіресе, «қайдан ұмытсын» болымды реңкті күшейтетін құрылымдарды даралай айту қажет. Сол арқылы субъектінің сенімі дараланады.

Төмендегі мысалда бұйрық мәндегі формалар бұйыру, талап ету модальді реңктерін айқындауға тірек болған. Мысалы: Арамың сол – Бөжей маған қақпан құрғанын қойсын! Біреудің сыртын бетке ұстап жүріп, маған оқ атқанын қойсын! Енді осыдан қоймайтын болса, ағаш оғын аямасың, тегіс атсын! Бірақ қашан айттың демесін! (М.Әуезов). Бұл контексте бұйрықты сөйлемдердің үстемелене қолданылуы модальді реңкті тереңдетіп, бұйыру, талап етудің салмағын, субъекті аралық наразылықтың астарлы бояуын күшейтеді. Мұндай қолданыстарды жандандыру интонация бірліктерінің қызметімен ұштасады. Мағыналық байланыстағы бұйрықты сөйлемдердің қызметі дербестенген сайын бір тұлғамен жасалса да, іштей салыстыра қарасақ, айтылу ырғағы, атқаратын функциясы бір-бірінен дараланады. Мысалы, келтірілген үзіндіде бұйрықты сөйлемдер арасындағы кідіріс азайып, ерекше жылдамдықпен және фразалық екіпін бәсеңдеп, барлық күш басқы позициядағы сөйлем мүшелеріне түсіріле айтылады. Интонация компоненттерінің активтендіруі арқылы бұйрықты сөйлемдердің қолданыстағы мақсаты дәл айқындалып, субъекті көзқарасын өз нақышымен жеткізуге мүмкіндік туады. Ойымызды бұйрықты сөйлемдердің интонациясына талдау жасаған М.Базарбаева пікірімен бекітуге болады: «Бұйрықты сөйлемді интонациялық айырмашылықтарына қарай екіге бөлуге болады. Олардың біріншісі – орындалуға тиісті, жалтаруға болмайтын қатал бұйрық болса, екіншісі – тілек, қалау не сыпайы түрде айтылған бұйрық. ... Қатал бұйрықты сөйлемнің интонациялық ерекшелігіне оның көбінесе жоғары тонмен басталып, соңына қарай бәсеңдеуін, ал сыпайы түрде айтылған бұйрықты сөйлемнің ерекшелігіне біркелкі, орташа тоналды деңгейде айтылуын жатқызуға болады» [2, 65-66].

Ал келесі үзіндідегі бұйрықты сөйлемдердің айтылу сазы да, модальділікке қатысы да өзгеше. Мұнда бұйрықты сөйлемдерді қолдану арқылы субъекті аралық құптау реңкі көрініс берген. Мысалы: ... Кәрі шеше күле отырып, баласының талайы қайтпасын дегендей қып:

– Үшкірсе, кейде ашылып қалады. Үшкірген жағады, – деді.

– Үшкірсе, мына балаң молда болып келді ғой. Үшкірт, балаңа, – деп Айғыз күлді.

– Үшкірсін, баласы үшкіріп берсін.

– Сорлы кәрінің көңіліне ол да болса демеу ғой, – деп үйдегі үлкендер, әсіресе, жеңгелер Абайдан шын бірдемені дәметкендей (М.Әуезов). Алдыңғы контекстегі бұйрықты сөйлемдерден бұлардың сапалық айырмашылығы бар. Алдыңғы сөйлемдер бұйыра айтқан наразылықты бекітсе, бұл сөйлемдер өзара құптау реңктерін ажыратқан. Соңғы контекстегі бұйрықты құрылымдардың астарлы реңкінде, интонациялық құрылымында елеулі өзгешеліктер байқалады. Атап айтсақ, дауыс тонының бәсеңдеуі, сөйлем аралық кідірістің ұзақтығы модальді реңкті даралай түседі. Мұндай айырмашылықтар көп жағдайда грамматикалық категориялардың жұмсалыу мақсатын контекст мазмұны бекітетінін тағы бір дәлелдейді.

Төмендегі мысалда да -сын, -сін бұйрықты құрылымдар контекстік семантика негізінде сипаттауды қажет етеді. Мұнда көрсетілген сөйлемдер құптау реңкін даралаған. Бұл ерекшелікті тұтас контекст мазмұнынан айқындаймыз.

Мысалы: Қазіргі бар жиын Абайдың мейлінше жақсы ойлаған қамдарына сенген сияқты. Осы Бөжейдің нағашыларын күтіп алу, өзге қонақтан өзгереді ретті тілейді. «Тапсырғанда соларға тапсырса қайтеді?» деген сөздер шыға бастағанда Абай: – Ендеше, Байдаш аға, байлау сол болсын. Бөжікеңнің нағашысын біздің күтуіміз жол екен. Бізге беріңдер! – деді. Жиын іркілген жоқ. – Кеше Құнанбай, Бөжейдің араздығын, жаманатын есітіп келген нағашы жұрт енді артын күтіскенді көрсе, көрсін. Лайығы сол екен, - дескен. Мұндағы «көрсін» етістігін алдыңғы сөйлемдердің құрамдас бөлігі, мағыналық жалғасы деп бағаласақ, «құптау» реңкін түрлендіргеніне көз жеткіземіз. Төмендегі мысал да осы сипатта.

– Айтсын, айтсын. Шұбар барды айтты, кесікті Абай ағам айтсын! Тұрдық, болдық сонымен! – деп Ысқақ та тез көне кетті (М.Әуезов).

Құптау реңкін бекіту қызметін II жақтағы бұйрық рай формалары да атқарады. Төмендегі үзіндіде бұйрық райлы етістіктер алдыңғы сөйлемдердің мазмұнымен іліктесе қолданылып, контекстің модальділігін ажыратқан. Мысалы: Қадырбай өзі де келгеннен бергі сары қымыздан, дастархан мен ыдыс-аяқтан, шай үстіндегі тәтті дәмдінің молдығынан әр жайды топшылап отырған. Әсіресе, түрілген жас қазының қатарында жүрген үйіткен қойдың етінен мынау үйдің сыйын өзге үйлердің сыйынан басқаша деп бағалаған. Ас атаулының бәрінде болатын жалпы құрғақ сыйдан бөлек жатыр. Енді осы сыйды басқарып жүрген Құнанбайдың бір жас баласы деген соң, Қадырбай сол бала өз қастарына келгенде ілтифат жасады. Абайға: – Бері кел! Отыр, балам, – деп шақырып ап, өз қолынан қымыз ұсынды (М.Әуезов). Модальді реңкті активтендірген «Бері кел! Отыр, балам» бұйрықты сөйлемінің астарында субъекті аралық бағалау, бірін-бірі құптау реңктері орын алған. Бұйрықты сөйлемдердің бұл мақсатта жұмсалыуы жалпы семантика және интонация компоненттері қызметінен белгілі болады.

Субъектінің түрлі көзқарасын жіктеуде бұйрықты сөйлемдердің мағынасын бір контексті тірек етіп талдау қажет. Сонда ғана бұйрықты сөйлемдердің жұмсалыу мақсаты толық сипатталады. Мысалы: «Бар қимылды істеуін істедің. Бірақ енді

сақ бол!» – деген бұйрықты сөйлемді контекстен оқшаулап қолдансақ, қорқыту, бұйыру мағынасында қабылдар едік. Ал контексте көрсетілген сөйлем күдіктену реңкін ашуға бағытталған. Оны контекстің мазмұны, модальді реңктің бекітілген. кезеңдерімен салыстыра қорытамыз. ... Ұзын-ұзын ақ сойылдар кезек-кезек қағысып, сарт-сарт тиіседі... Қараңғыда тосқауылда тұрып шабуыл жасаған Қараша болатын. Оған Байдалы күндіз бұйрық беріп: – Бар қимылды істеуін істедің. Бірақ енді сақ бол, – деген. Қараша содан кешкі ымыртқа дейін тау басында, ат үстінде жүрген. Кешкі алакөлеңкеде Үркімбаи аулына қарай суыт кетіп бара жатқан қалың шоғырды ол мезгілімен-ақ көріп еді. Тегін емес екенін де білген... Мұндағы «Бірақ енді сақ бол» бұйрықты сөйлемін қолдана отырып, субъекті екінші жақтан қарсылық боларын сезіп, ішкі күдігін жеткізген. Және модальді реңк сол күдіктің расталуымен бекітілген. С.С.Ваулина «Эволюция средств выражения модальности в русском языке (XI-XVII вв)» деген еңбегінде модальді категориясын жасайтын амалдардың дамуын сөз ете отырып, рай категориясы арқылы жасалғанда, үнемі контекстік салыстыру қажет деп түйіндейді. Автор бұл амалдардың қызметі семантикалық жақтан өсетіндігін орынды ескереді [3, 35].

Субъектінің наразылығын сипаттауда да, бұйрық рай жұрнақтарын жұмсаймыз. Бұйрықты сөйлемдер арқылы екі субъектінің қарама-қарсы көзқарасын, наразылығын жеткізуге мүмкіндік болған. Талданған бұйрықты сөйлемдердің мұндай көп функциялы қызметі үнемі контекстен анықтауды, салыстыруды қажет етеді. Жүгініп отырған Байкөкше көтеріле беріп, қуана жадырағандай болып, қабағын керіп жіберіп, лезде іле жөнелді: Кей жігітті пысық деп болыс қойсаң,

Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді...

– Міні, ел сөзі! – деп Тәкежанға қарап, сақылдап күліп жіберді.

– Өй, тіліңе шоқ түссін, заржақ неме! – деді (М.Әуезов).

Контекстегі бұйрықты сөйлемдердің модальді реңкі үнемі контекстік семантика ерекшелігіне сәйкес құбылып отырады. Тіпті бұйрық берудің өзінде астарлы модальді реңк болады. Мысалы, бұйрық райдың III жақ жұрнақтарынан жасалған төмендегі үзінділердің модальді реңкі тең емес. Бірінде Тәкежанға айтқан наразылық, екіншісінде Дәркембай сияқты кедейлерді паналатқан Абай бұйрығы, ішкі құптауы сипатталған. Мысалы: Абай Ерболдан Тәкежанға сәлем айтты: Қумасын! Қазынасын жемейді! Мынаның аз ғана малына жайылыс берсін және Жұмағұлды тыйсын! – деді (М.Әуезов).

... Абай бір жұмысты жайғады да, енді Дәркембайды қасына шақырды.

– Дәркембай сенің екі жолдасың осы қойдың қасында болсын. Айрылмайды.

Ал өзің дереу мынау атқа, мына жер қорығыш Тәкежанның атына мін де, қазір шапқылап отырып осы маңдағы өзіндей ауылдарға хабар айт. Мен жіберді де! Шыңғысқа жете алмай, осы жақын маңда қойлары аштан бұралып, қырылып жатқан ауылдар тегіс жүруге жарайтын қойларын алып, азаматтарын сайлап, дәл осы үш қорыққа, Құнанбай қорығына айдап келсін! (М.Әуезов). Екі контексте де бұйрықты сөйлемдер бұйыру қызметін атқарған. Бірақ бірінші мысалда бұйырудың астарынан наразылық, қарсылық сезілсе, екіншісінде бұйырудың астарында субъекті аралық сенім, қолдау, құптау модальді реңктері ашылады.

Төмендегі бұйрық райлы етістіктер семантикалық жақтан субъектінің тілегін, өтінішін жеткізген. ... Қас емес, дос едім, достың түбін сүйек айырсын! Құнанбай кәрілікте, дүниеден аттанар шағымдағы бір тілегімді берсін менің. Артымыз дос болды деп, туыс болды деп аттанайын бұл сапардан. Не менен қыз алсын, не маған қыз берсін! – депті (М.Әуезов).

Л.Дүйсембекова «Қазақ тіліндегі бұйрық райдың құрылысы мен мағынасы» атты зерттеуінде бұйрық райлы формалардың осындай жан-жақты қызметі мен семантикасына назар аударып: «Коммуникативті актінің ішкі ерекшеліктерін білмейінше, бұйрық рай категориясының парадигмасын жасау, оның қолданыстағы ерекшеліктерін толық ашу мүмкін емес», – деп орынды сипаттайды [4,47].

Тіл білімінің басқа салалары секілді синтаксис те көптен бері зерттеліп келеді. Бұл сала бойынша жетістіктеріміз де аз емес. Мәселен қазақ тіл білімі синтаксистің зерттелуіне жіне оның ғылыми ретінде қалыптасуына үлес қосқан ғалымдар ретінде А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, Т.Қордабаев, Ә.Хасенов, Р.Әмір, М.Серғалиев, Ә.Аблақов, Т.Сайрамбаев т.б. атауға болады.

Қазақ тілі грамматикасы, оның ішінде синтаксис саласы Қазан революциясынан бұрын да зерттелген болатын. Алайда бұл кездегі зерттеулер ғылыми дәрежеге көтеріле алған жоқ. Нақты зерттеудің басталуы, яғни кешенді зерттеу Қазан революциясынан кейінгі уақытта ғана қолға алынды. Түркологиялық ілімнің дамуы және ұлттық кадрларымыздың шыға бастау мұны жеделдете түсті.

Бұйрықты сөйлем туралы еңбектерді қарастыра келе байқағанымыз – қазақ тіл білімінде бұл сөйлем жөніндегі зерттеулер жоқ екендігіне және әлі де толық қарастырылмаған. Қазақ тіліндегі бұйрықты сөйлем жайындағы ең алғаш мағлұматты А.Байтұрсыновтың еңбегінен кездестіреміз. Ол, негізінен алғанда, бұл сөйлемге анықтама берумен шектелген. Одан кейінгі басқа зерттеулерде оның жасалу жолдары мен интонациясы ғана сөз етіледі. сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай сұраулы, лепті, тілекті жай сөйлемдер деп бөледі. Байтұрсынов бұйрықты сөйлемдерді тілекті сөйлемдер деп қарастырған.

1961-1966 жылғы «Қазіргі қазақ тілсинтаксистеріне» бұйрықты сөйлемді профессор М.Балақаев енгізді. Бұйрын сөйлемдер айтылу мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдер болып үшке бөлініп, бұйрықты сөйлем лепті сөйлемнің құрамында қарастырылып келді.

Бұйрық сөйлем лепті сөйлем құрамында үш-ақ түрі қамтылып келді. Мысалы: «Қазіргі қазақ тілінде» (1954) бұйыру, ұран, үндей, өсиет, қорқыту сияқты түрлері ғана берілген.

Ғ.Әбухановтың еңбектерінде де бұйрықты сөйлемдерді жеке дара бөліп қарастырмай, лепті сөйлемге енгізеді.

Қазақ тілі мамандарының көпшілігі лепті сөйлемді мақсат мәнді бір сөйлем типі ретінде таниды. Соның өзінде оны біраз авторлар (С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев, А.Әбілқасымов, И.Ұйықбаев, Ә.Хасенов) лепті сөйлемнен ажыратпай қарастырады. Ал, М.Балақаев, Т.Қордабаевтың «Қазіргі қазақ тілінде» бұйрықты сөйлемнің тілек, өтініш, сес көрсету, қорқыту, талап, сыпайы бұйыру, т.б. мағыналық түрлерін ажыратып, олардың жасалу жолдарын айқындады.

Бұйрықты сөйлем өріс-талапты білдіреді. Оның өзі көп ретте айтушы эмоциясына ұласып беріледі. Сонымен бірге, бұйрықты сөйлемнің де, кейбір арнаулы лепті сөйлемдердің де негізгі қалыптасу тәсіл-тұлғасы бұйрық райлы етістік болады. Бұдан бұйрықты сөйлем мен жалпы лепті сөйлем тепе-тең деген түсінік тұмауға тиіс. Өйткені бұйрықты сөйлем өріс-талапты білдіру үшін айтылады. Ол мағынасы мен құрылымы жағынан да біркелкі емес, соған сәйкес, әрқашан бір дәрежеде эмоциалы болып келе бермейді деп қарастырып келген Р.Әміровтің «Жай сөйлем синтаксисі» деген кітабында да тұжырымдалған. Бұйрықты сөйлемдер туралы қазіргі азды-көпті зерттеулерге қарасақ, қызық жайды байқауға болады.

Зерттеушілердің бірі бұйрықты сөйлемнің айтылу мақсатына қарай және сөйлем түрі екенін және оның атының басталуын профессор М.Балақаевтың есімімен байланыстарды, екінші бір зерттеуші әдістемеге қатысты кітабында бұйрықты сөйлемнің 70 жылдардан бері ғана орын алып келе жатқандығын ескертеді. Екеуі де шындық. Демек, қазақ білімінде профессор М.Балақаевтың 1959 жылы орыс тілінде жазылған кітабында қазіргі ұрпақ өкілдеріне бұйрықты сөйлем деген терминді ұсынып, оның сұраулы, хабарлы және лепті сөйлемдерден айырмашылығын ашық көрсетті. Содан кейін мектеп шәкірттерінің де тиісті оқулықтары арқылы сөйлемнің бұл түрімен таныса бастағаны рас.

Талданған тілдік деректерге сүйене отырып, бұйрық рай жұрнақтары арқылы жасалған бұйрықты сөйлемдердің қызметі, модальділікке қатысты көп қырлы қызметі болатынын аңғардық. Және бұл сөйлемдердің жан-жақты қолданысы тек контексте анықталады деп қорытуға негіз бар.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1993. - 301 б.
- [2] Базарбаева М. Қазіргі қазақ тілі интонациясының негіздері. Алматы: Комплекс, 2002. – 202 б.
- [3] Ваулина С.С. Эволюция средств выражения модальности в русском языке (XI-XVII вв). Автореферат. Ленинград, 1991. – С.38.
- [4] Дүйсенбекова Л. Қазақ тіліндегі бұйрық райдың құрылысы мен мағынасы. Алматы: Айкос, 1999. – 111 б.

МРНТИ 16.21.51

А.Д. Кегенбекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және «Ғылым ордасы»
кешенінің базасындағы ғылыми-зерттеу институттарының бірлескен
білім беру бағдарламаларының 2-курс магистранты,
Алматы қаласы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ СӨЗ ТАПТАСТЫРУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҮЛГІЛЕРІ

Аннотация: Қазақ тіліндегі сөздерді таптастырудың алғашқы үлгілерінің бірі ретінде Ы.Алтынсариннің, П.М.Мелиоранский, М.А.Терентьев сынды ғалымдардың еңбектері алынды. Аталған ғалымдардың қазақ тіліндегі сөздерді таптастыруда ұстанған ұстанымдары талданып көрсетілді. Сондай-ақ, ғалымдар еңбектерінің сөздерді таптастырудағы алғашқы үлгілер ретіндегі қазақ тілі біліміне қосқан үлесі айтылды.

Мақалада қазақ тіл біліміндегі сөз таптастырудың алғашқы үлгілері жайлы сөз қозғалады. Қазақ тіліндегі сөздерді таптастырған ең алғашқы ғалымдардың бірі ретінде ағартушы-педагог Ы.Алтынсариннің еңбегі алынып, сөздерді таптастырудағы ұстанымдары айқындалады.